

PHILIPS

Саундбар

7000 сериялы

TAB7207



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады

www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	3
	Қауіпсіздік	3
	Өнімге күтім жасау	4
	Табиғатты күтіп қарау	4
	Сәйкестік	4
	Анықтама және қолдау	4

2	Саундбарыңыз	6
	Қораптағы заттар	6
	Негізгі құрылғы	6
	Жалғағыштар	7
	Сымсыз сабвуфер	7
	Қашықтан басқару пульті	8
	Қашықтан басқару пультін дайындау	8
	Орналастыру	9
	Қабырғаға бекіту	10

3	Жалғау	11
	Dolby аудиосы	11
	HDMI ARC ұясына жалғау	11
	Optical (Оптикалық) ұяға жалғау	12
	AUX ұясына жалғау	12
	Қуат көзіне жалғау	13
	Сабвуфермен жұптастыру	13

4	Саундбарды пайдалану	14
	Қосу және Өшіру	14
	Эквалайзер (EQ) әсерін таңдау	14
	Дыбыс деңгейін реттеу	15
	Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру	15
	Bluetooth функциясын пайдалану	16
	USB портын пайдалану	17
	AUX / OPTICAL / HDMI	
	ARC арнасын пайдалану	17

5	Өнім спецификац-иялары	18
----------	-------------------------------	-----------

6	Ақаулықтарды жою	19
	Trademarks	21

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Өніміңізді пайдаланар бұрын, барлық нұсқаулықты оқып, түсініп алыңыз. Егер нұсқаулықты орындамау себебінен қандай да бір зақым туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Электр тогы соғу немесе өрт қаупі!

- Жалғаулар жасаудан немесе оларды өзгертуден бұрын, барлық құрылғылардың розеткадан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Өнімді немесе аксессуарларды ешқашан жаңбыр немесе су астында қалдырмаңыз. Ваза секілді сұйықтығы бар ыдысты өнімнің қасына ешқашан қоймаңыз. Егер өнімнің үстіне немесе ішіне су төгілсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдаланар бұрын, оны тексерту үшін Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- Өнімді және аксессуарларды ашық алаудан немесе басқа жылу көздерінен (оның ішінде тікелей күн сәулесі) аулақ ұстаңыз.
- Өнімнің желдету саңылауларына немесе басқа саңылауларға ешқандай зат салмаңыз.
- Ажыратқыш құрылғысы ретінде электр желісінің ашасы немесе құрылғы ашасы пайдаланылса, ажыратқыш құрылғы жұмыс істейтін күйде болуы тиіс.
- Батареяны (батарея блогы немесе орнатулы батареялар) күн сәулелері сияқты қатты қызудан, оттан немесе тағы басқасынан аулақ ұстау керек.
- Найзағай басталар бұрын, өнімді розеткадан ажыратыңыз.
- Қуат кабелін ажыратқан кезде, кабелді емес, ашаны ұстап тартыңыз.
- Өнімді тропикалық және/немесе орташа климаттарда пайдаланыңыз.

Қысқа тұйықталу немесе өрт қаупі!

- Өнімнің идентификациясын және қуаттың номиналды параметрін өнімнің артындағы немесе астыңғы жағындағы үлгі тақтасынан қарауыңызға болады.
- Өнімді розеткаға қосардың алдында, қуат кернеуі өнімнің артында немесе астында көрсетілген мәнге сәйкес екенін тексеріңіз. Егер кернеу сәйкес келмесе, өнімді ешқашан розеткаға қоспаңыз.

Жарақат алу немесе өнімді зақымдау қаупі бар!

- Бұл өнімді орнату нұсқаулығына сәйкес қабырғаға бекіту керек. Тек қорапта жүретін бекіткіш кронштейнді (егер бар болса) пайдаланыңыз. Қабырғаға дұрыс бекітпеу апатқа, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Сұрақтарыңыз болса, тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- Өнімді немесе заттарды ешқашан қуат сымдарының немесе басқа электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C-тан төмен температурада тасымалданатын болса, өнімді орамнан шығарып, оны қуат көзіне қоспас бұрын оның температурасы бөлме температурасына сәйкес келгенше күтіңіз.
- Бұл өнімнің бөлшектері әйнектен жасалған болуы мүмкін. Жарақат алмау үшін немесе өнімді зақымдамау үшін абайлап ұстаңыз.
- Өнімді температурасы 0 °C және 40 °C аралығындағы қауіпсіз ортада пайдаланыңыз.

Қызып кету қаупі!

- Өнімді ешқашан шектеулі кеңістікке орнатпаңыз. Ауа айналымы болуы үшін өнімнің айналасында әрқашан кемінде он сантиметр (төрт дюйм) бос орын қалдырыңыз. Өнімнің саңылауларын перде немесе басқа заттар жауып тұрмағанын тексеріңіз.

Ластану қаупі!

- Батареяларды араласырмаңыз (ескі мен жаңаны немесе көміртек пен сілтілі батареяны, т.б.).

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Батарея дұрыс емес ауыстырылған жағдайда жарылу қаупі бар. Ауыстырған кезде, дәл сондай батареяны немесе баламасын салыңыз.
- Қашықтан басқару пульті ұзақ уақыт қолданылмайтын болса немесе батареялар тозған болса, оларды шығарып қойыңыз.
- Батарея құрамында химиялық заттар бар, оларды қоқысқа дұрыс түрде лақтыру керек.



Бұл қос оқшаулауы бар және қорғанышы жерге қосылмаған II Сыныпты құрылғы.



Айнымалы ток кернеуі



Пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларды орындаңыз!



ЕСКЕРТУ!
Ескерту: Ток соғу қаупі!



Леп белгісі пайдаланушыға пайдалану бойынша маңызды нұсқауларының болуы туралы ескертуге арналған.



Ескертпе

- Рейтинг жапсырмасы жабдықтың астыңғы жағына немесе артына жабыстырылады

Өнімге күтім жасау

Өнімді тазалау үшін тек микрофибра шүберегін пайдаланыңыз.

Табиғатты күтіп қарау

Ескі өнім мен батареяны қоқысқа тастау



Сіздің өніміңіз қайта өндіруге және қайта пайдалануға болатын жоғары сападағы материалдар мен құрамдастардан жобаланып, жасалған.



Өнімдегі мына белгі оның European Directive 2012/19/EU директивасымен қамтылғандығын білдіреді.



Бұл белгі өнімде European Directive 2013/56/EU директивасымен қамтылған басқа тұрмыстық қоқыстармен бірге лақтыруға болмайтын батарея бар екендігін білдіреді.

Электрлік және электронды өнімдер мен батареяларды жергілікті бөлек жинау жүйесі қай жерде екенін іздеңіз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнімді және батареяларды ешқашан кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсер етудің алдын алуға көмектеседі.

Бір рет қолданылатын батареяларды шығару

Бір рет қолданылатын батареяларды шығару үшін батареяны орнату бөлімін қараңыз.

Сәйкестік туралы декларация

Бұл өнім Еуропа қауымдастығының радиокедергі талаптарына сәйкес. Осы арқылы, MMD Hong Kong Holding Limited өнімнің негізгі талаптарға және RED Directive 2014/53/EU директивасының және UK Radio Equipment Regulations SI 2017 No 1206 реттемелерінің басқа да қатысты ережелеріне сәйкес екендігін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады: www.philips.com/support.

Көмек және қолдау

Кеңейтілген қолдау алу үшін www.philips.com/support сайтына кіріп, төмендегілерге қол жеткізіңіз:

- пайдаланушы нұсқаулығын және қысқаша нұсқаулықты жүктеп алу;
- оқыту бейнелерін көру (тек таңдаулы үлгілер үшін қолжетімді);

- жиі қойылатын сұрақтарға (ЖҚС) жауап табу;
- бізге электрондық хатпен сұрақ қою;
- қолдау көрсету қызметінің өкілімен әңгімелесу.

Тіліңізді таңдау үшін веб-сайттағы нұсқауларды орындаңыз, содан соң өніміңіздің үлгі нөмірін енгізіңіз. Еліңіздегі Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына да хабарласуға болады. Хабарласар бұрын өніміңіздің үлгі нөмірі мен сериялық нөмірін жазып алыңыз. Осы ақпаратты өнімнің артынан немесе астынан қарай аласыз.

FCC ақпараты

ЕСКЕРТПЕ: Бұл жабдық сыналған және FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес В класындағы сандық құрылғының шектеулеріне сәйкес екені анықталды. Бұл шектеулер тұрғын үй қондырғыларында зиянды кедергілерден лайықты түрдегі қорғауды қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл жабдық радиожилілік энергиясын жасайды, пайдаланады және шығара алады және нұсқаулыққа сәйкес орнатылмаса және пайдаланылмаса, радиобайланысқа зиянды кедергілер тудыруы мүмкін.

Дегенмен белгілі бір қондырғыда кедергі болмайтынына кепілдік жоқ. Егер бұл жабдық радио немесе теледидар қабылдауына зиянды кедергі тудырса, оны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болады, кедергіні түзету үшін пайдаланушыға келесі шаралардың бірі немесе бірнешеуін жасап көру ұсынылады:

- Қабылдағыш антеннаның бағдарын өзгертіңіз немесе оны басқа жерге қойыңыз.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз.
- Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұраңыз.

FCC және IC ескертуі:

- Бұл жабдықты радиатор мен денеңіздің арасында кемінде 20 см қашықтықта орнату және пайдалану қажет.
- Сәйкестікке жауапты тарап тікелей мақұлдамаған өзгертулер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты басқару құқығынан айыруы мүмкін.

IC-Canada: CAN ICAN ICES-003(B) / NMB-003(B)

Бұл құрылғыда Канаданың лицензиядан босатылған RSS сипаттамаларына сәйкес инновацияға, ғылымға және экономикалық дамуға сәйкес лицензиядан босатылған таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс:

1. Осы құрылғы кедергі жасамайды.
2. Бұл құрылғы қабылданған кез келген кедергіні (оның ішінде құрылғының қажетсіз жұмысын тудыруы мүмкін кедергілер) қабылдауы тиіс.

Avis d'Industrie Canada: CAN ICES-003 (B)/NMB-003(B)

L'émetteur/récepteur exempt de licence contenu dans le présent appareil est conforme aux CNR d'Innovation, Sciences et Développement économique Canada applicables aux appareils radio exempts de licence. L'exploitation est autorisée aux deux conditions suivantes :

1. L'appareil ne doit pas produire de brouillage;
2. L'appareil doit accepter tout brouillage radioélectrique subi, même si le brouillage est susceptible d'en compromettre le fonctionnement.


2 Саундбарыңыз

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Phillips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі сайтқа тіркеңіз: www.philips.com/support.

Қораптағы заттар

Қаптамадағы заттарды тексеріп, оларды анықтау:

- Саундбар x 1
- Сымсыз сабвуфер x 1
- Қашықтан басқару пульті x 1
- Қуат кабелі (сабвуфер) x 2
- Қуат кабелі (саундбар) x 2
- Қабырғаға бекіту жинағы x 1
- Қысқаша нұсқаулық x 1
- Кепілдік талоны x 1
- Қауіпсіздік парақшасы x 1
- Қабырғаға орнату үлгісі x 1



Саундбар



Сымсыз сабвуфер



Қашықтан басқару пульті (AAA батареялары x 2)



Қабырғаға бекіту жинағы (кронштейн x2 / қабырғаға бекіту бұрандасы x2 / қабырғаға бекіткіш анкерлер x2)



Қуат кабелдері * Адаптер (ҰБ&ЕО): x2 дана Сабвуфер(ҰБ&ЕО): x2 дана



Қысқаша нұсқаулық



Кепілдік талоны



Қауіпсіздік парақшасы




Қабырғаға бекіту үлгісі

- Қуат кабелі саны мен ашасының түрі аймақтарға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген кескіндер, иллюстрациялар және сызбалар тек анықтамалық мақсатта берілген, нақты өнім сыртқы түрі бойынша басқаша болуы мүмкін.

Негізгі құрылғы

Бұл бөлімде негізгі құрылғыға шолу жасалады.




- ① **+/- (Дыбыс)** түймесі
Дыбыс деңгейін көтеріңіз немесе төмендетіңіз.
- ② **Bluetooth** түймесі
 - Bluetooth режимін таңдау үшін басыңыз.
 - Барлық құрылғыларды ажырату және Bluetooth жұптау режиміне кіру үшін басып тұрыңыз.
- ③ **Жалғау көзі**
Саундбар үшін кіріс жалғауының көзін таңдаңыз. Әдепкі жалғау көзі HDMI ARC.
- ④ **Күту режимі-Қосу** түймесі
Саундбарды қосыңыз немесе күту режиміне ауыстырыңыз.
- ⑤ **Саундбардың LED индикаторы**
Ойнату көзін ауыстырған кезде алдыңғы индикатор сәйкесінше жанады. Негізгі құрылғының алдыңғы жағындағы индикатор шамы қазіргі уақытта қандай режим қолданылып жатқанын көрсетеді.

Күйі	LED шамының күйі
AUX	[AUX/USB] Тұрақты ақ
USB	[AUX/USB] Жыпылықтаған ақ
Standby (Күту режимі)	[Күту режимі] Тұрақты қызыл
BT(Bluetooth)	
• Қосулы	[BT] Тұрақты ақ
• Қосылуда	[BT] Жыпылықтаған ақ
OPTICAL (ОПТИКА)	[OPT] Тұрақты ақ
HDMI ARC	[HDMI ARC] Тұрақты ақ

- ⑥ **Қашықтан басқару пультінің сенсоры**

Жалғағыштар


Бұл бөлімде саундбарда қолжетімді жалғағыштарға шолу жасалады.



- ① **Audio in (аудио кірісі)**
Мысалы, MP3 ойнатқышынан (3,5 мм) дыбыс кірісі.
- ② **USB**
 - Аудио файлды ойнату үшін USB сақтау құрылғысына жалғаныңыз.
 - Осы өнімнің бағдарламалық құралын жаңартыңыз.
- ③ **HDMI out (ARC) (HDMI шығысы)**
Теледидардағы HDMI (ARC) кірісіне жалғаңыз.
- ④ **Optical in (Оптика кірісі)**
Теледидардағы немесе цифрлық құрылғыдағы оптикалық аудио шығысына қосыңыз.
- ⑤ **AC in (Айнымалы ток кірісі)**
Қуат көзіне жалғау.
- ⑥ **Қабырға кроншетінінің саңылауы.**

Сымсыз сабвуфер

Бұл бөлімде сымсыз сабвуферге шолу жасалады.



- ① **AC in (Айнымалы ток кірісі)**
Қуат көзіне жалғаңыз.
- ② **Pair (Жұптастыру) түймесі**
Сабвуферді жұптастыру режиміне өткізу үшін басып тұрыңыз.
- ③ **Сабвуфер индикаторы**
Сымсыз сабвуфер индикаторы негізінде оның күйін анықтаңыз.


LED шамының Күйі	
Жылдам жыпылықтау	Сабвуфер жұптастыру режимінде
Тұрақты жанып тұр	Жалғанды / жұптастырылды
Баяу жыпылықтау	Жалғау / Жұптастыру сәтсіз аяқталды

Қашықтан басқару пульті

Бұл бөлім қашықтан басқару құралына шолу жасайды.

- ①  (Күту режимі-Қосу) түймесі
 - Саундбарды қосыңыз немесе күту режиміне жіберіңіз.
- ② **EQ (Режим)**
Төрт EQ (эквалайзер) режимінің біреуін таңдаңыз:
Фильм/Музыка/Дауыс/Стадион.
- ③ **HDMI ARC**
Жалғау көзін HDMI ARC қосылымына ауыстырыңыз.
- ④ **Жұптастыру / BT**
Bluetooth көзіне ауысу үшін тез түрде басыңыз. Егер қолжетімді болса, саундбар соңғы жұптастырылған құрылғыға жалғанады. Барлық Bluetooth құрылғыларынан ажырату және жұптастыру режиміне кіру үшін 3 секунд басып тұрыңыз.
- ⑤  /  (Алдыңғы / Келесі)
USB/BT режимінде алдыңғы немесе келесі әуенге өтіңіз.
 (Ойнату / Кідірту)
USB/ BT режимінде ойнатыңыз, кідіртңіз немесе ойнатуды жалғастырыңыз.
VOL+ / VOL- (Жүйе дыбысы)
Жүйе дыбысының деңгейін күшейтіңіз / азайтыңыз.
- ⑥ **Optical (Оптика)**
Дыбыс көзін оптикалық қосылымға ауыстырыңыз.
- ⑦ **AUX/USB :**
Дыбыс көзін AUX/USB қосылымына ауыстырыңыз.
- ⑧ **- TREBLE (ЖОҒАРЫ ЖИІЛІК)**
Саундбардың жоғары жиілікті дыбысын азайтыңыз.
- ⑨ **+ TREBLE (ЖОҒАРЫ ЖИІЛІК)**
Саундбардың жоғары жиілікті дыбысын күшейтіңіз.

- ⑩ **- BASS (БАСС)**
Сабвуфер дыбысын азайтыңыз.
- ⑪ **+ BASS (БАСС)**
Сабвуфер дыбысын күшейтіңіз.




Қашықтан басқару пульті дайындау

- Берілген қашықтан басқару пульті құрылғыны қашықтықтан басқаруға мүмкіндік береді.
- Қашықтан басқару пульті 6 м (19,7 фут) тиімді диапазонда жұмыс істесе де, құрылғы мен қашықтан басқару пульті арасында қандай да бір кедергілер болса, қашықтан басқару пульті пайдалану мүмкін болмауы мүмкін.
- Қашықтан басқару пульті инфрақызыл сәулелерді тудыратын басқа өнімдердің жанында пайдаланылса немесе инфрақызыл сәулелерді пайдаланатын басқа қашықтан басқару құрылғысының жанында пайдаланылса, ол дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Керісінше, басқа өнімдер де дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Қашықтан басқару пультінің батареясын ауыстыру

Батарея бөлімінің қаппағын ашу үшін сырғытыңыз, 2 AAA батареясын (1,5 В) дұрыс полярлықпен салыңыз, содан кейін батарея бөлігінің қаппағын орнына сырғытып, жабыңыз.


- Батареяның (+) және (-) ұштары батарея бөлімінде көрсетілген (+) және (-) ұштарымен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.



- Қашықтан басқару пультін ылғалды затқа қоймаңыз.
- Қашықтан басқару пультін тікелей күн сәулесінің астына немесе ыстық жерге қоймаңыз.
- Ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған кезде қашықтан басқару пультінен батареяны шығарыңыз, себебі коррозия немесе батареяның ағып кетуі физикалық жарақатқа және/немесе мүліктің зақымдалуына және/немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Көрсетілгеннен батареялардан басқа батареяларды пайдаланбаңыз
- Ескі батареяларды жаңаларымен араластырмаңыз.
- Батарея түрі қайта зарядталатын болмаса, оны ешқашан қайта зарядтамаңыз.

Орналастыру

Сабвуферді саундбардан кемінде 1 метр (3 фут) және қабырғадан 10 сантиметр қашықтықта орналастырыңыз. Ең тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін сабвуферді төменде көрсетілгендей орналастырыңыз



Батареяларға қатысты сақтық шаралары


- Батареяларды дұрыс оң « $\oplus$ » және теріс « $\ominus$ » полярлықпен салыңыз.
- Бір типті батареяларды пайдаланыңыз. Әр түрлі типті батареяларды ешқашан бірге пайдаланбаңыз.
- Қайта зарядталатын және қайта зарядталмайтын батареяларды бірге пайдалануға болмайды. Жапсырмаларындағы сақтық шараларын қараңыз.
- Батарея қаппағын ашқанда және батареяны алған кезде тырнақтарыңызды абайлаңыз.
- Қашықтан басқару пультін құлатпаңыз.
- Қашықтан басқару пультіне кері әсер ететін нәрселерден аулақ ұстаңыз.
- Қашықтан басқару пультіне су немесе басқа да сұйықтықтарды төкпеңіз.

Қабырғаға бекіту

Ескертпе

- Қабырғаға дұрыс орнатпау апатқа, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Сұрақтарыңыз болса, тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- Қабырғаға орнатар алдында, қабырға саундбардың салмағын көтере алатынына көз жеткізіңіз.
- Қабырғаға орнатар алдында, саундбардың төменгі жағындағы резеңке аяқтарды алудың қажеті жоқ, өйткені резеңке аяқтарды кері бекіту мүмкін емес.
- Қабырға бекітпесінің түріне байланысты ұзындығы мен диаметрі сәйкес бұрандаларды пайдаланғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Саундбардың артындағы USB портының USB құрылғысына қосылғанына көз жеткізіңіз. Жалғанған USB құрылғысының қабырғаға ілуге әсер ететіні анықталса, тиісті өлшемдегі басқа USB құрылғысын пайдалану қажет.

Бұранданың ұзындығы/диаметрі




Қабырғаға орнатудың ұсынылатын биіктігі

Саундбарды бекітер алдында, ТД-ды орнатқыныңыз дұрыс болады. Теледидарды алдын ала орнатқан соң, саундбарды теледидардың астынан 50 мм / 2,0" қашықтықта қабырғаға бекітіңіз.

ЕСКЕРТУ !

- Жарақат алудың алдын алу үшін бұл құрылғы орнату нұсқауларына сәйкес еденге/қабырғаға мықтап бекітілуі керек.
- Қабырғаға орнатудың ұсынылатын биіктігі: $\leq 1,5$ метр.



- 1 Дрельмен қабырғаға 2 паралель тесік тесіңіз (қабырға түріне сәйкес әрқайсысы 3-8 мм).
 - ↳ Тесіктер арасындағы ара қашықтық: **731 мм / 28,78"**
 - ↳ Бұрғылау тесіктерін қабырғаға дұрыс орналастыру үшін берілген қабырғаға бекіту үлгісін пайдалануға болады.
- 2 Дюбельдер мен бұрандаларды қабырғадағы тесіктерге бекітіңіз.
 - ↳ Қабырға мен бұрағыш басының арасында **1,8-2,3 мм** бос орын қалдырыңыз.
- 3 Қабырғаға бекіткіш кронштейнтерді (x2) құрылғының артқы жағына бекітіңіз.
- 4 Саундбарды бекіту бұрандаларына іліңіз.

3 Жалғау

Бұл бөлім саундбарды теледидарға және басқа құрылғыларға қосып, оны орнатуға көмектеседі.

Саундбардың және аксессуарлардың негізгі қосылымдары туралы қосымша ақпарат алу үшін қысқаша нұсқаулықты қараңыз.

Ескертпе

- Өнімнің идентификациясын және қуаттың номиналды параметрін өнімнің артындағы немесе астыңғы жағындағы үлгі тақтасынан қарауыңызға болады.
- Қандай да бір қосылым жасамас немесе өзгертпес бұрын, барлық құрылғылардың қуат көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Dolby Audio-Dolby Digital Plus

Dolby Audio-Dolby Digital Plus сізге жаңа көлемді тыңдау тәжірибесін сыйлайды. Қосымша ақпарат алу үшін visit.dolby.com сайтына өтіңіз

Use Dolby Audio-Dolby Digital Plus

Dolby Audio-Dolby Digital Plus HDMI-ARC режимінде қолжетімді. Қосылым туралы мәлімет алу үшін, «**HDMI ARC ұясына қосылу**» бөлімін қараңыз.

- 1 Dolby Audio-Dolby Digital Plus мүмкіндігін HDMI-ARC режимінде пайдалану үшін теледидарыңыз Dolby Audio-Dolby Digital Plus қолдауы керек.
- 2 Қосылған сыртқы құрылғының (мысалы, Blu-ray DVD ойнатқышы, теледидар және т.б.) сандық аудио шығысындағы бит ағыны үшін "Кодтаусыз" мәні таңдалғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе


- Dolby Audio-Dolby Digital Plus саундбар 1.4 нұсқасынан жоғары HDMI кабелі арқылы HDMI-ARC көзіне қосылғанда ғана қолжетімді.
- Саундбар басқа қосылу әдістерімен (мысалы, сандық оптикалық кабель) жұмыс істейді, бірақ олар Dolby Audio-Dolby Digital Plus мүмкіндіктерінің барлығына қолдау көрсетпегуі мүмкін. Осыны ескере отырып, толық Dolby Audio қолдауын қамтамасыз ету үшін HDMI арқылы қосылуды ұсынамыз.

HDMI ARC желісіне қосылу

Саундбар дыбысты қайтару арнасы (ARC) бар HDMI қолдайды. Теледидар HDMI ARC қосылымына сай келсе, бір HDMI кабелін қолданып, саундбар арқылы теледидар дыбысын тыңдай аласыз.

- 1 Теледидарда HDMI-CEC қызметін қосыңыз. Толығырақ білу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Теледидардағы **HDMI ARC** жалғағышы басқаша белгіленуі мүмкін. Толығырақ білу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.



- 2 Саундбардағы **HDMI ARC** жалғағышын теледидардағы **HDMI ARC** жалғағышына қосу үшін жоғары жылдамдықты HDMI кабелін пайдаланыңыз.




Ескертпе

- Теледидар HDMI-CEC және ARC функцияларын қолдауы керек. HDMI-CEC және ARC қосылуы күйіне орнатылуы керек.
- HDMI-CEC және ARC орнату әдісі теледидарға байланысты әр түрлі болуы мүмкін. ARC функциясы туралы мәліметтер алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- ARC функциясын қолдайтын HDMI кабельдерін пайдалануды ұмытпаңыз.

Оптикалық ұяға қосылу


- Саундбардағы оптикалық жалғағышты теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы оптикалық шығыс жалғағышқа қосу үшін оптикалық кабельді пайдаланыңыз.




- Сандық оптикалық жалғағыш **Spdif** немесе **Spdif out** деп белгіленуі мүмкін.

AUX жалғағышына қосылу

- Теледидардың құлаққап ұясын құрылғыдағы AUX ұясына жалғау үшін 3,5 мм-ден 3,5 мм-ге дейінгі аудио кабелін пайдаланыңыз.




- Теледидардың audio output шығысы ұяларын құрылғыдағы AUX ұясына жалғау үшін RCA-3,5 мм аудио кабелін пайдаланыңыз.



Қуат көзіне қосу

- Айнымалы ток қуат сымын қоспас бұрын барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызға көз жеткізіңіз.
 - Өнімнің зақымдану қаупі бар! Қуат кернеуі құрылғының артында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- 1 Желілік кабельді құрылғының **АС~** ұясына, одан кейін розеткаға қосыңыз.
 - 2 Қуат сымын сабвуфердің **АС~** ұясына, содан кейін розеткаға қосыңыз.




- * Қуат сымдарының саны және аша түрі аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Сабвуфермен жұптастыру

Автоматты жұптастыру

Саундбар мен сабвуферді розеткаларға қосыңыз, содан кейін құрылғыны **ON (ҚОСУ)** режиміне қосу үшін құрылғыны немесе қашықтан басқару құралын басыңыз. Сабвуфер мен саундбар автоматты түрде жұптастырылады.



- Сымсыз сабвуфер индикаторына сәйкес оның күйін тексеріңіз.

LED шамының Күйі
күйі

Жылдам жыпылықтау	Сабвуфер жұптастыру режимінде
Тұрақты жанып тұру	Жалғанды / жұптастырылды
Баяу жыпылықтау	Қосылу / Жұптастыру сәтсіз аяқталды



Кеңестер

- Қолмен жұптастыру жағдайлардан тыс, сабвуфердің артындағы **Pair** түймесін басаңыз.

Қолмен жұптастыру

Егер сымсыз сабвуферден дыбыс шықпаса, сабвуферді қолмен жұптастырыңыз.

- 1 Сабвуфер мен саундбардың қуат кабелін суырып, оны қайтадан 3 минуттан кейін қайта қосыңыз.
- 2 Сабвуфердің шетіндегі **Pair** түймесін 5 секунд басып тұрыңыз. Сабвуфер индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды.
- 3 Саундбарды қосу және жұптастыру режиміне автоматты түрде кіру үшін саундбардағы немесе қашықтан басқару құралындағы **⏻** басыңыз.
- 4 Әрекет сәтті болса, сабвуфердегі индикатор қызғылт сары түспен жанады.
- 5 Егер индикатор жыпылықтауын жалғастырса, 1-3 қадамдарды қайталаңыз.



Кеңестер

- Сабвуфер ашық жерде әрі саундбардан 6 м қашықтықта болуы керек (неғұрлым жақын болса, соғұрлым жақсы).
- Сабвуфер мен саундбар арасындағы кез келген заттарды алып тастаңыз.
- Сымсыз қосылым қайтадан жұмыс істемесе, жақын жерде кедергі сигнал немесе қуатты тосқауыл (мысалы, электрондық құрылғының кедергісі) бар-жоғын тексеріңіз. Осы кедергі сигналдарды немесе қуатты тосқауылдарды жойып, жоғарыдағы әрекеттерді қайталаңыз.

4 Сіздің саундбарды қолданыңыз

Бұл бөлім қосылған құрылғылардан дыбысты ойнату үшін саундбарды пайдалануға көмектеседі.

Жұмысты бастамас бұрын

- Жылдам бастау нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандай қажетті қосылымдарды орындаңыз.
- Саундбарды басқа құрылғылар үшін дұрыс сигнал көзіне ауыстырыңыз.

ҚОСУ және ӨШІРУ

- Құрылғыны розеткаға бірінші рет қосқанда, құрылғы КҮТУ режимінде болады. [Күту режимі] индикаторы жанады.
- Негізгі құрылғыны қосу немесе өшіру үшін қашықтан басқару құралындағы немесе негізгі құрылғыдағы  түймесін басыңыз.
- Құрылғыны толығымен өшіргіңіз келсе, ашаны негізгі розеткадан ажыратыңыз.

Автоматты түрде күту режимі

Теледидар немесе сыртқы құрылғы ажыратылған немесе өшірілген болса, құрылғы шамамен 15 минуттан кейін күту режиміне автоматты түрде орнатылады.

- Құрылғыны толығымен өшіру үшін ашаны розеткадан суырыңыз.
- Пайдаланбаған кезде қуатты үнемдеу үшін құрылғыны толығымен өшіріңіз.

Қуат көзін таңдау

- 1 Қажетті режимді таңдау үшін құрылғыдағы  түймесін қайта-қайта басыңыз немесе қашықтан басқару құралындағы **AUX, Optical, HDMI ARC, Pair/BT, USB** түймелерін басыңыз.
Саундбардағы индикатор қазіргі уақытта қандай режим қолданылып жатқанын көрсетеді.


Күйі	LED күйі
AUX	[AUX/USB] Тұрақты ақ
USB	[AUX/USB] Жыпылықтаған ақ
Standby (Күту режимі)	[Күту режимі] Тұрақты қызыл
Pair (Жұп)/BT	•Қосылған [BT] Тұрақты ақ •Қосылым [BT] Жыпылықтаған ақ
OPTICAL (ОПТИКА)	[OPT] Тұрақты ақ
HDMI ARC	[HDMI ARC] Тұрақты ақ

Эквалайзер әсерін таңдау (EQ)

Бейне немесе музыка үшін қолайлы алдын ала орнатылған дыбыс режимдерін таңдаңыз.

- 1 Эквалайзердің қажетті алдын ала орнатылған әсерін таңдау үшін қашықтан басқару құралындағы **EQ** түймесін басыңыз. Әдепкі режим Кино болып табылады
- **Movie (Кино)** (5 LED-индикаторы жыпылықтайды): Көлемді дыбыс әсерін сыйлайды. Фильмдерді көру үшін өте қолайлы.
 - **Music (Музыка)** (4 LED-индикаторы жыпылықтайды): Екі арналы немесе көп арналы стерео дыбыс әсерін сезініңіз. Музыка тыңдау үшін өте қолайлы.
 - **Voice (Дауыс)** (3 LED-индикаторы жыпылықтайды): Адамның дауысын анық және тыңдауға қолайлы ететін дыбыс әсерін сынап көріңіз.

- **Stadium (Стадион)** (2 LED-индикаторы жыпылықтайды): Стадиондағы спорттық ойынды тамашалау атмосферасын сезінуге мүмкіндік береді.




Дыбыс деңгейін реттеу

Саундбар мен сабвуфердің дыбыс деңгейін реттеген кезде күй индикаторы жарық мөлшерін арттырады/азайтады. Саундбар мен сабвуфердің ағымдағы дыбыс деңгейін сәйкес индикатор шамы / жыпылықтау арқылы анықтаңыз.


Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Дыбыс деңгейін көбейту/азайту үшін саундбардағы +/- немесе қашықтан басқару құралындағы **Vol+ / Vol-** түймесін басыңыз.




Жоғары және төмен жиіліктердің дыбыс деңгейін реттеу

- 2 **Bass +** түймесін басыңыз. Сабвуфердің дыбыс деңгейін көбейту/азайту үшін қашықтан басқару пультіндегі - **Bass +** түймесін басыңыз.



- 3 **Treble +** түймесін басыңыз. Жоғары жиілік деңгейін көбейту/азайту үшін қашықтан басқару құралындағы - **Treble +** түймесін басыңыз.



Әдепкі қалпы бойынша Bass/Treble теңшеуі 0 мәніне орнатылды.

Зауыттық параметрлерін қалпына келтіріңіз

Құрылғыны әдепкі параметрлерге қайтарыңыз.

- 1 Саундбарды қосыңыз.
- 2 Жергілікті + және - түймелерін 8 секунд басып тұрыңыз. Барлық индикаторлар 5 секунд жанған соң, [Күту режимі] индикаторы қызыл түс болып жанады.

Bluetooth функциясын пайдалану

Bluetooth арқылы саундбарды Bluetooth құрылғысына (мысалы, iPad, iPhone, iPod touch, Android телефоны немесе ноутбук) жалғаңыз, содан кейін саундбар арқылы құрылғыда сақталған аудио файлдарды тыңдай аласыз.

Қажетті заттар

- A2DP, AVRCP Bluetooth профилін қолдайтын және Bluetooth 5.0 + EDR нұсқасы бар Bluetooth құрылғысы.
- Саундбар мен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс істеу ара қашықтығы шамамен 10 метр (30 фут).

- 1 Саундбарды Bluetooth режиміне ауыстыру үшін құрылғыдан **⌵** түймесін немесе қашықтан басқару пультінен **Pair (Жұптастыру)/BT** басыңыз.
→ [BT] индикаторы жыпылықтайды.
- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосып, жалғауды бастау үшін **Philips TAB7207** құрылғысын іздеп, таңдаңыз (Bluetooth функциясын қосу жолын Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
→ Жалғану кезінде, [BT] индикаторы жыпылықтайды.
- 3 Саундбардан дауыстық ескерту естігенше күтіңіз.
→ Сәтті жалғанған болса, [BT] индикаторы тұрақты болып жанады.
- 4 Bluetooth құрылғысында аудио файлдарды немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.

- Ойнату кезінде қоңырау шықса, музыка ойнату кідіртіледі. Қоңырау аяқталған кезде ойнату жалғасады.
- Егер де Bluetooth құрылғысы AVRCP профиліне қолдау көрсететін болса, әуенді өткізу үшін қашықтан басқару пультінен **⏮ / ⏭** түймесін басыңыз немесе кідірту/ойнатуды жалғастыру үшін **⏮** түймесін басыңыз.

- 5 Bluetooth қосылымын ажырату және жаңа Bluetooth құрылғысын жұптастыру үшін :

- Құрылғыдағы **⌵** пернесін ұзақ басыңыз немесе Bluetooth қосылымын ажыратып, жұптастыру режиміне өту үшін қашықтан басқару пультінен **Pair/BT** түймесін басып тұрыңыз.




Ескертпе

- Кедергісіз ашық кеңістікте саундбар мен Bluetooth құрылғысы арасындағы максималды жұмыс істеу қашықтығы шамамен 10 метрді (30 фут) құрайды.
- Кейбір Bluetooth құрылғыларымен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Музыканың ойнатылуы құрылғы мен саундбар арасындағы қабырға, құрылғыны жабатын металл корпус немесе сол жиілікте жұмыс істейтін жақын маңдағы басқа құрылғылар сияқты кедергілер арқылы үзілуі мүмкін.

USB портын пайдалану

Аудио файлдарды MP3 ойнатқышы және USB флэш жадысы, т.б. сияқты USB сақтау құрылғысымен пайдаланыңыз.

1 USB құрылғысын енгізіңіз.



- 2 USB режимін таңдау үшін құрылғыдан түймесін қайта-қайта басыңыз немесе қашықтан басқару пультінен USB түймесін басыңыз.
→ [AUX/USB] LED индикаторы ақ түспен жыпылықтайды.

3 Ойнату кезінде:

Түйме	Әрекет
▶	Ойнату, кідірту немесе ойнатуды жалғастыру
◀◀	Алдыңғы әуенге өту
▶▶	Келесі әуенге өту

Кеңес

- Бұл өнім USB сақтау құрылғыларының кейбір түрлерімен үйлесімсіз болуы мүмкін.
- USB ұзартқыш кабелін, USB хабын немесе USB көп функционалды карта оқу құралын пайдалансаңыз, USB сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Фалды оқу кезінде USB сақтау құрылғысын шығармаңыз.
- Бұл өнім жады 128 ГБ-қа дейінгі USB құрылғыларына қолдау көрсететеді.
- Бұл өнім MP3, WAV, FLAC форматтарын ойната алады.
- Келесі USB портына қолдау көрсетеді: 5 В === 500 mA.

AUX / Optical / HDMI ARC ұяларын пайдалану

Құрылғының теледидарға немесе аудио құрылғысына қосылғанын тексеріңіз.

- 1 Қажетті режимді таңдау үшін құрылғыдағы түймесін қайта-қайта басыңыз немесе қашықтан басқару құралындағы **AUX** , **Optical** , **HDMI ARC** түймелерін басыңыз.
→ Саундбардағы индикатор қазіргі уақытта қандай режим қолданылып жатқанын көрсетеді.

Күйі	ЖШД күйі
AUX	[AUX/USB] Тұрақты ақ
OPTICAL (ОПТИКА)	[OPTICAL] Тұрақты ақ
HDMI ARC	[HDMI ARC] Тұрақты ақ

- 2 Ойнату функциялары үшін аудио құрылғыны тікелей пайдаланыңыз.
- 3 Дыбыс деңгейін қажетті деңгейге реттеу үшін +/- (дыбыс) түймелерін басыңыз.

Кеңес

- **Optical/HDMI ARC** режимінде құрылғыдан дыбыс шықпаса және күй индикаторы жыпылықтап тұрса, бастапқы құрылғыда (теледидар, DVD немесе Blu-ray ойнатқышы сияқты) **PCM** немесе **Dolby Digital** сигнал шығысын қосу қажет болуы мүмкін.).

5 Өнім спецификац- иялары

Ескертпе

- Техникалық сипаттамалар мен дизайн ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Bluetooth

Bluetooth профильдері	A2DP, AVRCP
Bluetooth нұсқасы	V 5.0
Bluetooth жиілігінің диапазоны	2402 - 2480 МГц
Таратқыш қуаты	≤ 10 дБм
2,4 ГГц Сымсыз жиілік ауқымы/Таратқыш қуаты	2402 - 2480 МГц/ ≤ 0 дБм

Күшейткіш бөлімі

Шығыс қуат	RMS 260 Вт @THD≤10%; Макс. 520 Вт
------------	--------------------------------------

Саундбар

Қуат көзі	100 - 240 В~ 50/60 Гц
Қуат тұтыну	30 Вт
Құту режиміндегі қуат тұтыну мөлшері	< 0,5 Вт
USB	5В == 500 мА
Жиілік сипаттары	150 Гц - 20 кГц
Импеданс	8 Ω
Өлшемі (Е x Б x Т)	800 x 65 x 106 мм
Салмағы	2,1 кг
Жұмыс істеу температурасы	0 °С - 45 °С

Сабвуфер

Қуат көзі	100 - 240 В ~ 50-60 Гц
Қуат тұтыну	45 Вт
Құту режиміндегі қуат тұтыну мөлшері	< 0,5 Вт
Жиілік сипаттары	35 Гц - 150 Гц
Импеданс	3 Ω
Өлшемдері (Е x Б x Т)	150 x 400 x 300 мм
Салмағы	4,7 кг
Жұмыс істеу температурасы	0 °С - 40 °С

Қашықтан басқару пульті

Қашықтық/Бұрыш	6 м/30°
Батарея түрі	AAA (1,5 В X 2)

Қолдау көрсетілетін аудио форматтар

HDMI ARC

- Dolby Digital, Dolby Digital Plus, PCM 2ch

Optical (оптика)

- Dolby Digital, PCM 2ch

BLUETOOTH

- SBC

USB

- MP3, WAV, FLAC

6 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Ток соғу қаупі.. Құрылғы корпусын алып тастауға болмайды.

Кепілдік күшін сақтауы үшін өнімді өз қолыңызбен жөндеуге әрекет жасаушы болмаңыз.

Осы өнімді пайдалану кезінде мәселе туындаса, қызметті сұрамас бұрын келесі тармақтарды тексеріңіз. Мәселелер сонда да шешілмесе, мына сайттан қолдау алыңыз: www.philips.com/support.

Негізгі құрылғы

Негізгі құрылғыдағы түймелер жұмыс істемейді.

- Қуат көзінен бірнеше минутқа ажыратыңыз, содан кейін қайта қосыңыз.

Қуат жоқ

- Айнымалы ток (AC) сымы дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Айнымалы ток (AC) розеткасында қуат бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Саундбарды қосу үшін қашықтан басқару пультіндегі немесе саундбардағы  түймесін басыңыз.

Дыбыс

Саунбар үндеткіштерінен дыбыс шықпайды.

- Дыбыс кабелін саундбардан теледидарға немесе басқа құрылғыларға жалғаңыз. Дегенмен, келесі жағдайларда бөлек аудио қосылымы керек емес:
 - саундбар және ТД HDMI ARC қосылымы арқылы жалғанған немесе
 - құрылғы саундбардағы HDMI ұясына жалғанған.
- Қашықтан басқару пультінен дұрыс дыбыс кірісін таңдаңыз.
- Саундбардың дыбысы өшірілмегеніне көз жеткізіңіз.

- Бұл өнімді зауыттық параметрлерге қайтарыңыз («Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру» бөлімін қараңыз)

Дыбыс бұрмаланған немесе жаңғырық дыбыс.

- Теледидардың дыбысын осы өнім арқылы ойнататын болсақ, теледидардың дыбысы өшірілгенін тексеріңіз.

Сымсыз сабвуферден дыбыс шықпайды

- Сабвуферді негізгі құрылғыға жалғаңыз.
- Дыбысын күшейтіңіз. Қашықтан басқару пультінде **Vol+** немесе саундбарда + түймесін басыңыз.
- Цифрлық кірістің бірін пайдаланған кезде, дыбыс шықпаса:
 - Теледидардың шығысын PCM параметріне орнатып көріңіз
 - Blu-ray/басқа жалғау көздеріне тікелей жалғаңыз. Кейбір теледидарлар цифрлық дыбысты өткізбейді.
- Теледидар айнымалы дыбыс шығысына орнатылған болуы мүмкін. Аудио шығысының параметрі **FIXED (БЕКІТІЛГЕН)** немесе **STANDARD (СТАНДАРТТЫ)**, **VARIABLE (АЙНАЛЫМДЫ)** емес мәніне орнатылғанын тексеріңіз. Толық ақпарат алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Bluetooth пайдаланылса, бастапқы құрылғыдағы дыбыс деңгейінің қосулы екеніне және құрылғының дыбысы өшірілмегеніне көз жеткізіңіз.
- Ойнату қатып жатса және Wi-Fi режимінде дыбыс шықпаса, үй желісінің қалыпты екенін тексеріңіз.

Bluetooth

Құрылғы саундбарға қосыла алмайды.

- Құрылғы саундбарға қажет үйлесімді профильдерге қолдау көрсетпейді.
- Құрылғының Bluetooth функциясын қосқан жоқсыз. Функцияны қосу жолын көру үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

- Бұл құрылғы дұрыс жалғанбаған. Құрылғыны дұрыс жалғаңыз.
- Саундбар Bluetooth функциясы қосылған басқа құрылғыға жалғанған. Жалғанған құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жалғанған Bluetooth құрылғысынан ойнатылған аудио сапасы нашар.

- Bluetooth сигналы нашар. Құрылғына саундбарға жақындатыңыз немесе құрылғы мен саундбар арасындағы кедергіні алып тастаңыз.

Bluetooth құрылғымда осы құрылғының Bluetooth атауын таба алмадым

- Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны Bluetooth құрылғысымен қайта жұптастырыңыз.

Қашықтан басқару жұмыс істемейді.

- Ойнатуды басқаратын түймені басар алдында, алдымен дұрыс қосылым көзін таңдаңыз.
- Құрылғы мен қашықтан басқару құралының арасындағы қашықтықты азайтыңыз.
- Батареяларды көрсетілген полярлықпен (+/-) салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару пульті тікелей құрылғының алдыңғы жағындағы сенсорға бағыттаңыз.

Саундбар өшіп қалады.

- Құрылғының сыртқы кіріс сигналының деңгейі өте төмен, құрылғы автоматты түрде 15 минут ішінде өшеді. Сыртқы құрылғының дыбыс деңгейін күшейтіңіз.

Сабвуфер күту режимінде немесе сабвуфердің индикаторы жанбайды.

- Сабвуферді қалпына келтіру үшін қуат сымын розеткадан ажыратып, 3 минуттан кейін қайта қосыңыз.

Trademarks:



The terms HDMI, HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc.



Manufactured under license from Dolby Laboratories. Dolby, Dolby Audio, and the double-D symbol are trademarks of Dolby Laboratories Licensing Corporation.



The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by MMD Hong Kong Holding Limited is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.



Roku, the Roku logo, Roku TV, Roku TV Ready, and the Roku TV Ready logo are trademarks and/or registered trademarks of Roku, Inc. This product is Roku TV Ready-supported in the United States, Canada, United Kingdom, Mexico and Brazil. Countries are subject to change. For the most current list of countries in which this product is Roku TV Ready-supported, please email rokutvready@roku.com.



Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Ең соңғы жаңартулар мен құжаттарды мына сайттан қараңыз: www.Philips.com/support.
Philips және the Philips Shield Emblem, Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген тауар белгілері және лицензия бойынша пайдаланылады.
Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндіріп, компания жауапкершілігімен сатылады және MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілгер болып табылады.